

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

БАЙКАЛДАН БАЛҚАНҒА ДЕЙІН бағдар болар байламды бәтуа

Қасиетті мекен Ұлытауда Елбасының берген тағылымды сұхбаты көпшіліктің көңілінен шығып, жүрегіне жол тапты. Қазіргі кезде баршаны ойландырған сан сауалға нақты жауап берген Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақ елінің бүгінін бүтіндеп, келешегін кемел дендірудің бағыт-бағдарларын тағы бір қадап айтты. Терең мәселелерді қаузаған сали қалы сұхбат бізге де үлкен ой салды. Елбасымыз бүгін де тек Қазақ елінің ғана емес, түгел түркінің көшбасшысы һәм ортақ мақтаны ретінде мойындалды. Бұл ретте Түркі әлемінің ынтымақтастығының ықпалды тетіктеріне айналып келе жатқан ТҮРКСОЙ, Түркі кеңесі, ТүркПА мен Түркі академиясы сынды институттардың барлығы Қазақстан Президентінің тікелей бастамасымен дүниеге келген ұйымдар екенін айта кетуіміз керек. Сондықтан Елбасының Ұлытаудағы сарабалд әңгімесі кең ауқымда алып қарағанымызда Қазақ елі ғана емес, қазір бірқатар түйткілдермен бетпе-бет келіп отырған түркі әлемі үшін де үлкен бағдарлы сұхбат болды деуге толық негіз бар. Оның үстіне сұхбат үшін арнайы таңдап алынған жер де біздің сөзімізді қуаттай түседі. Қасиет қонған Ұлытау өңірі – ұлан-ғайыр тарихымызда айрықша орын алатын киелі жер. Жошы хан мен Алаша ханның мазары орналасқан, Алтын Орданың қазығы қағылған құтты қоныс – түбі бір түркі жұртшылығы үшін де айрықша қастерлі мекен. Әмір Темір Тоқтамысқа қарсы жорығында осында келіп, көне түркі тілінде бітік жазған. Бұл жазуды сол кезеңде мұсылман әлеміне кең таралған парсы немесе араб графикасы негізіндегі шағатай тілінде емес, көне түркі сынасымен жаздыруы да бағзы таудың баһадүр бабалар үшін қасиетті жер екенін

дәлелдей түседі. Анадоныны асып, Бурсаны бағындырған оғыздар алғашқы астаналары орналасқан тауды «Ұлытау» деп атаған екен. Қаратаудың басынан көш құлап, ел басына күн туған да жоңғарға қарсы жорықты Ұлытау да ұйымдастырған Абылай хан 1757 жылы күз айларында Цин патшалығының елшілерін Ұлы тауда қабылдаған. Сондықтан ұлттың ұясындай Ұлытауда айтқан Елбасының ұлағатты сөзі қастерлі жерден тамыр тартқан туыс халықтар үшін де бағдар болары анық.

Қарашаңырақ – қазақта

Тағылымды сұхбат үшін таңдалған орын тарихи болған соң әңгіме тақырыбы да тарлан тарих арқылы тарқатылды. Мемлекет басшысы сөзінің басында құтты мекеннің қасиетіне тоқталып, Берел мен Сарайшықты, Түркістан мен Ұлытауды тілге тиек етті. Расында, тақтары тұрмақ, аттары да алтынмен апталған қаһарлы қағандар мекені болып саналатын Берелден бастау алатын асқақ Алтай – күллі түркінің бағзы замандарда кіндік байлаған кен ордасы. Батыстағы Сарайшық пен Сығанақтың арасы, күңіренген қобызымен тіршілік атаулыны ұйытқан қасиетті Қорқыттың қонысы – бүгінде Түркия, Әзербайжан, Түрікменстанда мемлекет құрған оғыздар әулетінің берекелі бесігі. Оңтүстіктегі әзірет қонған өз қала – Түркістанға ислам дінін қабылдаған күллі түркі жұртшылығы тағзым етеді. Ертегіден басталып, Едігемен жалғасатын Ұлытау жері – кезінде Дешті Қыпшақ аталған Ұлы Даланың алтын ордасы. Осы төрт қақпаның тура төрінде, Сарыарқаның белінде самұрығы самғаған, мәңгілік мұраты айқындалған Астана төрт құбыласы тең қазақ елінің ғана емес, түгел түркінің тегеурінді байтағына баланып отыр. Осының бәрі шабыты шалқар Мағжан ақынның: «Көп түрік енші алып тарасқанда, қазаққа қара шаңырақ қалған жоқ па?» – деген сөздерінің шындыққа айналғанын айғақтайды.

«Тарихын білмеген ұлттың болашағы бұдыңғыр» деген Елбасы тарихи сананы жаңғыртатын, мемлекетшілдік сезімді бекем дейтін байтақ әңгіме айтты. «Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады» деп Ұлы Далада мыңжылдықтардан бастау алатын мемлекеттік дәстүр сабақтастығының алтын арқауы үзілмей жалғасып келе жатқанын әңгімеледі. Сол арқылы қазақ шежіресін ғана емес, түркі кіндігінен тарайтын тамырлас, туыс елдердің тұтас тарихын да таратып берді.

Жылқының жалында туып, қуатты империялар құрған бағзы түріктер ежелгі Мысыр, Қытай, Иран, Үндістан, Рим және Византия секілді іргелі елдермен қарым-қатынас орнатып, көптеген ұлттардың қалыптасуына ықпал еткен. Ұлан-ғайыр аймақта әр кезеңдерде ғұмыр кешкен түрлі тайпалық одақтардың атаулары мен пішіндері әрқилы болғанымен, олар тілі мен тарихы, дәстүрі мен діні қатар өріліп, Елбасы айтқандай «тамырын тереңге тартқан, дауылдарға шыдас берген алып емендей» бүгінгі тәуелсіз мемлекеттерге дейін жетті. Солардың ішінде бүгінде туыстас халықтардың баршасы түпкі аталары ретінде даусыз қабылдайтын алғашқы империя – күдіретті Ғұн мемлекеті болған.

Расында, ықылым заманнан бері ғұндардың қара шаңырақ ата қонысы, өсіп-өнген түп қазығы – осы Ұлы Дала! Қыран ұшса қанаты талатын, құлан жортса тұяғы тозатын шексіз кеңістікте ғұмыр кешкен баһадүр бабалар тоқпақ жалды тарпаңды ерттеп мініп, арғымақтың тұяғы жеткен жерге иелік еткен. Алтын тақта отырып билік жүргізген айбарлы қағандар мен айбынды абыздар Мәңгілік Ел орнатуды армандаған. Асыл арқауы қадымнан бақиға үзілмей жеткен өміршең мұраттарын болашақ ұрпаққа табыстап, аманатын мұқалмас мәңгі тастарға қашап жазған. Еуразияның Байкалдан Балқанға дейінгі орасан зор аймағына иелік еткен олар адамзат тарихында ірі бетбұрыстар жасап, Ұлы Дала өркениетін қалыптастырған.

Біздің дәуірімізден бұрынғы мыңжылдықтың соңында тарих сахнасына шығып, Орталық Азияда үстемдік құрған Ғұн империясы Қиыр Шығыс, Қытай мен Шығыс Еуропа, солтүстік халықтары мен Үндістан, Иран сияқты елдердің арасында көпір қызметін атқарып, экономикалық және мәдени байланыстардың дамуына үлкен үлес

қосқан. Кейіннен Еділ-Жайық жазығы, Солтүстік Кавказ бен Қара теңіздің солтүстігінен басталып, Еуропаға жайылған әйгілі Атилла бастаған Еуропа Ғұн мемлекетінің негізі де осы Ғұн империясы кезінде қаланған.

Ұлы Далада Ғұн мемлекетінен кейінгі ең ірі империя ретінде тарих сахнасына шыққан Көктүрік қағандығының Алтайдан Шығыс Еуропаға дейінгі аймақта созылып жатқан Еуразия кеңістігінде орасан зор ықпалын жүргізгені белгілі. Орталығы Жетісуда болып, қысқа мерзімде Қиыр Шығыстан Қара теңіздің солтүстігіне, Оңтүстік-батыс Сібірден Солтүстік Үндістанға дейінгі ұлан-ғайыр жерді алып жатқан Түрік қағандығы Еуразия кеңістігіндегі экономикалық-мәдени байланыстардың дамуына дәнекер болған. Сондықтан Түрік қағандығы мемлекеттік құрылымы тұрғысынан (мұны 100-ден астам атақ, дәреже, лауазымдардан көруге болады) да, атауы жағынан да кейінгі түркітекті мемлекеттердің қалыптасуына зор ықпал еткен. Әсіресе, қазіргі Қазақстан жерінде құрылған Қимақ, Қарлұқ және Оғыз елдері мемлекеттік құрылымы жағынан Көктүрік қағандығының жалғасы ретінде Алтайдан Атырауға дейінгі жерлерге қоныстанды.

Ал Ұлытаудағы Жошыдан тарайтын құдіретті Алтын Орданың Ақ Орда мемлекеті арқылы Қазақ хандығының бастауында тұрғаны талассыз шындық екені белгілі. Бір айта кетерлік жайт, – Алтын Орда мемлекеті мен бүгінгі Қазақ елі арасындағы сабақтастық пен үндестік. Бүгінде Қазақстан Алтын Орда орналасқан ұлан-ғайыр аймақтың басым бөлігін алып, Шығыс пен Батысты, Еуропа мен Азияны жалғап жатыр. Толеранттылық танытып, өзге этностардың тіліне, дініне құрметпен қарау, олардың мәдениеттерін сақтап, дәстүрлерін дамыту – екі мемлекетке де тән қасиет. Сондықтан Ертіс пен Жайықтың арасындағы алып аймаққа орналасқан қазақ елін Алтын Орданың бүгінгі мұрагері ретінде қарастыруға толық негіз бар. Жалпы, Л.Н.Гумилев атап өткендей, Еуразия кеңістігінің тарихи қабаттары, мәдени келбеті мен мемлекеттілік дәстүрін ғұн, көктүрік, Алтын Орданың қалыптастырғаны анық. Ендеше, аталған тарихи алғышарттар Еуразияны түркілік кеңістік деуге мүмкіндік береді.

Өкінішке қарай, елімізде осы кезеңнің тарихын зерттеу мәселесі кенжелеп қалғаны жасырын емес. Сондықтан Елбасының бұл тарихи сөзі зерттеушілерге үлкен ой салады деген үміттеміз. Қазір Түркі академиясы Түркі кеңесіне мүше мемлекеттер басшыларының шешіміне сәйкес туыс елдерде оқытылатын ортақ тарихты жазу ісімен айналысуда. Биыл мамыр айында осы мәселе төңірегінде Астанада жиын да өткізді. Осы қыркүйек айында «Ұлы Далада мемлекеттік дәстүр сабақтастығы» деген тақырыпта халықаралық семинар өткізеді. Оған 12 мемлекеттен ғалымдар қатысады деп күтілуде. Академия ғалымдары түркі жұртына ортақ тарихты ғұндардан бастап, көк түріктер арқылы сабақтастыра қарастыруды қолдауда. Сонымен қатар, академияда түркі тарихына қатысты бірнеше іргелі жобалар жүзеге асуда. Олардың қатарында шетелдік және отандық көрнекті ғалымдардың қатысуымен жасалып жатқан «Батыс түрік қағанатының мемлекеттік құрылымы», «Шығыс түрік қағанатының тарихы» деген жобалар бар. Бұл жобалар қазірдің өзінде нәтижелер бере бастады. Айталық, белгілі археолог ғалым З.Самашевтің басшылығымен Алтайда жүргізілген қазба жұмыстары барысында қарау-жарағы, аты және музыкалық аспабымен бірге, түркі дәуірінің жауынгер-жырауының сүйегі табылды. Бұл зерттеулер Ресей, Қытай, Түркия, Моңғолия, Мажарстан және т.б. елдердің ғалымдарымен бірге жалғасын табады.

«Діннің діңгегі дәстүрмен берік»

Әулиебұлақтың басында сұхбат берген Елбасы: «Осындай әулиелі жерден қуат алған халқымыз ата-бабалар жолымен жүреді деп санаймын», деп дін мен дәстүрге байланысты келелі ойлар айтты, елді имандылыққа, парасаттылыққа шақырды. Дін тақырыбы, әсіресе, Таяу Шығыста шиеленісе түскен зиянды ағымдардың шектен шыққан содыр әрекеттері бүгінде тек қазақ жұртшылығы ғана емес, бүкіл адамзатты алаңдатып отырған өзекті мәселе болғандықтан, Елбасының Ұлытаудағы ұлағатты сөздері тұтас түркі әлемі үшін де аса маңызды.

Жалпы, діни құндылықтар азаматтардың бойына имандылық пен әдепті ұялатады, кісілікті орнықтырып, жат қылықтардан тыяды, отбасын ұйытып, қоғамды ұйыстырады. Бұл ретте діннің әуелі көркем мінезбен әдіптелген өнегелі өмір екенін ұмытпаған абзал. «Отанды сүю – иманнан» деген қағидаға жүгінсек, мұсылманның діндарлығы оның отаншылдығымен де өлшенеді. Біздіңше, абзал мұсылман – елдің тыныштығын ойлап, отбасының амандығын тілейтін мемлекетшіл азамат. Өйткені, тәуелсіздік – тәубе дегізер, тәуекел еткізер қастерлі бойтұмар, талайдың тағдырына бұйырмаған ерен бақыт. Азаматтарының діни сенім бостандықтарын қамтамасыз ететін азат ел болмаса, діннің де еркін тыныстай алмасы анық. Тұрақтылық пен тыныштық орнамаған елде діннің ахуалы да оңалмайды. Біз мұны жақын тарихымыздан жақсы білеміз. Сондықтан, діннің өрістеуі үшін әуелі тәуелсіздік пен тұрақтылық, татулық пен тыныштық қажет.

Болмысында берекесіздікке қарсы ислам елдің бірлігі мен мемлекеттің тұтастығын қамтамасыз етеді. Елбасы айтқандай, «Елдің басын біріктіреді». Әйгілі Ибн Халдун «Мұқаддима» деп аталатын еңбегінде діннің қоғамдық қатынастарды реттеп, мемлекет істеріне болысатынын, тиісінше, биліктің де дінге қамқор болатынын атап көрсеткен екен. Имам Ғазали да бұл туралы «Биліктің міндеті дінді сақтау болса, дінді қоғамның жолы да биліктің нығаюы арқылы жүзеге асады. Сондықтан, мемлекеттілікті сақтап, билікке мойынсұну керек», деп жазған.

Елбасы өз сөзінде теріс жолға түсіп, халифат құрамыз деп соғысып жүрген радикал топтардан сақтандырды. Құран Кәрімде бір адамды өлтірудің бүкіл адамзатты өлтіргенмен бірдей екені айтылады. Өз пайғамбар өлтіру мақсатында қару кезенген пенденің жұмаққа бармайтынын ескерткен. Ендеше, дүмшеліктен туындайтын осындай зиянды ағымдардың алдын алу үшін Елбасы ескерткендей, кісілікке үндейтін имандылық жолын, ғасырлар безбенінен өткен дәстүрлі бабалар жолын насихаттаған жөн.

Мемлекет басшысы бір сөзінде «Діннің діндегі дәстүрмен берік» деген болатын. Бұл дәстүр ғасырлар бойы сын елегінен өтіп, берік қалыптасқан. Ислам ұлттық дәстүрлерді терістемейді, ғұрыпты шарифат үкімдерінің негізін құрайтын бұлақ көздердің бірі деп біледі. Бабалардың бағдары болған ислам қазақ халқының күнделікті өмір салтында берік орын алғаны белгілі. Оның тамыры қазақ даласына ислам діні ресми түрде қабылданған Қарахан мемлекеті дәуірінде жатыр. Осы кезеңде өмір сүрген, Құран ілімін тәпсірлеген Рази сынды ғалымдар, хадис ілімінің ұстыны болған имам Бұхари сияқты ғұламалар, ақида ілімінің негізін қалаған Матуриди тәрізді имамдар, фикх ғылымын қалыптастырған Әбу Ханифа іспетті факихтар, Қожа Ахмет Ясауи бастаған руханият ілімінің шоқтығы биік ұстаздары Құран мен сүннетті басшылыққа ала отырып, діннің өркен жаюына қалтқысыз қызмет етті. Осы кезеңде Түркістан аймағында философия, математика, алгебра, геометрия, география, астрономия, медицина сияқты ғылым салаларында төңкеріс жасап, адамзат өркениетіне зор жаңалықтар енгізді. Исламдық қайнардан нәр алған әл-Фараби, Ибн Сина сынды ғұламалар Батыс өркениетінің өрлеуіне түрткі болды. Біздіңше, мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, Қарахан мемлекетінде тұрақтылық пен тыныштық болды. Екіншіден, ел тұрғындары бір мәзһабты – имам Ағзам жолын ұстанды. Үшіншіден, мемлекет басты нысана ретінде білім жолын таңдады. Елде іргелі оқу орындары ашылып, ғалымдарға құрмет көрсетілді. Дәстүр мен дінді ұштастырған жергілікті ғұламалар жетіліп, қалалар ғылым мен мәдениеттің ошақтарына айналды. Қазір осы құбылысты зерттеу бағытында Түркі академиясында белгілі ғалымдардың қатысуымен «Түркілердің діни танымы қалыптасуының тарихи, мәдени және өркениеттік қабаттары (Қарахан дәуірі)» атты халықаралық жоба жүзеге асуда. Академия бұл тақырыптағы жобаларға болашақта да басымдық беретін болады.

Жақсы сөзде жаттық жоқ

Әлемдегі сан түрлі ұлттардың алуан құндылықтар төңірегіне топтасатыны белгілі. Ал түркінің терең тарихына көз жүгіртсек, «Өнер алды – қызыл тіл» дегендей, берекелі бірліктің бекем бастауы әрқашан тіл болған екен. Күлтегін, Тоныкөк сынды бабаларымыздың бәдіздеп тасқа қашаған асыл сөздері мен Махмұд Қашқаридің әйгілі

сөздігі де түркі тілінің тұғыр болуына қызмет еткен. Бертінде Әлішер Науаи шұрайлы тіліміздің әлемдегі ешбір тілден кем емес екенін мақтанышпен айтты. Расында, түркі тілі көптеген мәдениеттермен иық тірестіріп тең тұрып, қажетті сөздерді өз бойына сіңіру арқылы байып, күшейіп отырды. Түркі дүниесінің қасиеті мен құндылықтары оның тілі арқылы сақталып, болашақ ұрпақтарға жалғасып келген. Бұл орайда, Елбасы атап көрсеткендей, халықтың «тілі жоғалса, қасиеті де жоғалатын еді». Сондықтан «Түгел сөздің түбі бір» дегендей, ұлан-ғайыр аймақты алып жатқан түркі әлемін жағрапиялық шалғайлыққа, мәзһаб пен дін айырмашылығына қарамастан, тұтастырып тұрған да осы тіл факторы екені анық. Тағдыры талқыға түсіп, түрлі теперіш көргенде де тамырлас жұрттың құндылықтары мен қасиеті тіл арқылы жалғасын тапты. Большевиктік билік орнап, дүние астан-кестен болып жатқанда айбынды ақын Мағжанның:

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың,
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...
Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!
– деп жырлауы сондықтан болса керек.

Тәубе, жұтылып, ұмытылып кетудің аз алдында тұрған қазақ тілі тәуелсіздік арқылы қанатын кеңге жайды. Тәуелсіздікпен бірге жаңа биікке көтерілді. Енді Елбасы айтқандай, «дүниеде тәуелсіз қазақ деген ұлт барда қазақ тілі мәңгі жасай береді»!

XIX ғасырдағы түркі әлемінің жарық жұлдызы Исмаил бек Ғаспыралы 1886 жылы «Тәржіман» газетінде жариялаған тілге қатысты терең мақаласында «Шыңғыс пен Темір заманынан бері тамырдан қол үзбеген қазақ тілінің түбінде түгел түркіге ортақ тіл болуы мүмкін екенін» жазады. Расында, Астанадағы Халықаралық Түркі академиясының ашылуымен бірге, қазақ тілі түркі әлемінің ғалымдарын топтастыратын тілге айналып келеді.

Түркі академиясы тілді байыту, дамыту және насихаттау мәселесіне ерекше ден қояды. Бұл ретте биыл 18 мамыр күні алғаш рет танымал ғалымдар мен белгілі қоғам қайраткерлерінің қатысуымен халықаралық «Түркі жазуы күні» форумын өткізді.

Мемлекет басшысы салиқалы сұхбатында термин мәселесін өте орынды көтерді деп ойлаймыз. Біздіңше, халықаралық терминдер тілімізді байыта түседі. Ал жөн-жосықсыз сөз жасау тілімізді шұбарлаумен қатар, қазақ тілін оқшаулауға, тіпті, түбі бір туыс елдермен арамызды ал шақтатуға апарып соғары сөзсіз. Оған соңғы 20 жылда жасалған сөз жасамдар нақты мысал бола алады. Мәселен, кейбір қазақ фонтанға – шаптырма, балконға – қылтима дейік десе, Алатаудың арғы жағындағы ағайындар арасында ұстараны – «жұналғы», радионы – «үналғы» деп атауды ұсынғандар шыққан. Өзге бауырлас елдерде де бұл көрініс бар. Мұның іргелес қоныстанып, ғасырлар бойы етене араласып келе жатқан ағайындардың алшақтауына апарып соғары анық. Осындай мәселелерді ескеріп, жуырда тілдік тұтастықты сақтау үшін академия жанынан терминология комитеті құрылады. Комитет түрік әлеміндегі терминология, әліпбиді біріздендіру, сөздіктер шығару, олардың қағидаттарын негіздеу сынды жұмыстармен айналысады.

Әлемдік көштен қалмай, дамыған елге айналу үшін көп тіл білу ауадай қажет. Бұл ретте Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың «үш тұғырлы тіл» ұстанымы заман үдесінен шығуда. Пайғамбарымыз да көп тіл білуге шақырған. Сондықтан бүгінде академияға кемі үш тіл білетін кәсіби мамандар топтасқан. Бұл бізге заманауи үдерістің көшінен қалмай, ғылыми әлеуетіміздің артуы мен әрқашан озық болып, дамудың даңғылына түсуге мүмкіндік береді.

Жаңғырған Жібек жолы

Шығыс пен Батыстың, түстік пен теріскейдің арасын жалғаған «Ұлы Жібек жолы» арқылы түркі даласы әлемдік сауданың күретамырына, дүниежүзілік дипломатияның дәнекеріне айналғаны белгілі. Сондықтан көптеген ғалымдар түркілерді жойқын басқыншы емес, сауда-саттықтың, мәдени диалогтың жебеушісі ретінде қарастыруды

ұсынуда. Ғұн, Көктүрік, Қарахан және Алтын Орда дәуірінде бұл жол Еуразия кеңістігіндегі мәдени, экономикалық, саяси-әлеуметтік қарым-қатынастардың алтын арқауы болды. Тоғыз жолдың торабы болған қазіргі қазақ даласы да осы жол арқылы дамыды, күш-қуаты артып, қалалары өркен жайды. Ал жаңа балама жолдар мен теңіз тасымалы белең алып, «Жібек жолы» өз маңызын жоғалтқаннан бастап Ұлы Даладағы империялар мен мемлекеттер әлсірей бастады. Экономиканың күретамырына қан жүгірмегендіктен, елдің тұрғындары босып, қалалар қаңырап қалды. Оның ақыры хандықтардың қирауына, басқаға бодан болуға апарып соқты. Ендеше, «қазақтың «теңізі» Қытай мен Ресей екенін, олармен қарымқатынас жасамаған жағдайда экономиканың өспейтінін» ескерткен Елбасының «экономика өсіп-өнбесе, басқа шаруаның бәрі шешілмейді» деген сөзін осы тұрғыдан қарастырған жөн.

Бүгінде Еуразияда бірнеше түркі мемлекетінің тарих сахнасына шығуымен бірге, «Ұлы Жібек жолын» жаңғыртудың әртүрлі жобалары талқылана бастады. Себебі, бірнеше ғасыр бойы бір-бірінен ажырап қалған туыс халықтардың өз тәуелсіздіктерін сақтап, іргелі экономикалық күшке айналуы, ұлан-ғайыр территорияларының транзиттік әлеуетін игеруі осы салада бірлесіп жұмыс істеулеріне байланысты екені белгілі.

Түркі елдерінің жан-жақты ынтымақтастығын дамыту үшін құрылған Түркі кеңесі көлік және тасымал мәселесіне де ерекше көңіл бөлуде. 2012 жылы өткен Түркі кеңесі ІІ Саммитінде Мемлекет басшылары көлік министрлеріне тұрақты түрде кездесіп тұруды тапсырды. Қазақстан Президентінің ұсынысымен 2013 жылы Әзербайжанда өткен Түркі кеңесінің ІІІ Саммитінің тақырыбы да көлік, тасымал саласындағы ынтымақтастыққа арналды. Алқалы жиында Нұрсұлтан Әбішұлы мүше мемлекеттердің аумағынан өтетін транзиттік көлік дәліздерінің жүк тасымалдаудағы әлеуетінің арта түскеніне назар аударып, Шығыс – Батыс бағытындағы осы әлеуетті жүзеге асыру мақсатында ынтымақтастықты ұлғайту керектігін айтты. Бұл тұрғыдан алғанда, Жібек жолын жаңа заманға сай қайта жаңғыртатын, құрлық көлігін дамытатын «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» жолының маңызы ерекше екені белгілі. Жезқазған жерінде жүзеге асқан стратегиялық жасампаз жолды да теріскей мен күнгейді, Шығыс пен Батысты жалғайтын осы ғасыр жобасы төңірегінде қарастыруға болады.

Жалпы, тәуелсіздік жылдары 2300 шақырымнан астам теміржол салынған екен. Ал «Бейнеу – Жезқазған» теміржолы – тәуелсіздік алғаннан бергі жаңадан салынған ең ұзын теміржол желісі. Мамандардың айтуынша, жаңа жолдың арқасында жылына 21 млн. тонна тауар өткізуге болады. Жол бойына 8 теміржол бекеті мен стансалар салынады, 400- ден астам жұмыс орны ашылады. Жол бойындағы елді мекендердің әлеуметтік мәселелері шешіледі, тұрғындардың жағдайы жақсарады. Жаңа теміржолдар жүктер тасымалдау қашықтығын қысқартады, еліміздің көлік мүмкіндіктерін әлденеше есе кеңейтеді. Бейнеуден Жезқазғанға тартылған жаңа жол аймақтың дамуына зор серпін береді. Арқаның тау-кен өнімдерін Ақтау арқылы Еуропаға, Парсы шығанағы елдеріне шығаруға зор мүмкіндік туды. Бұл стратегиялық жоба Қазақстанның орталық өңірінен жөнелтілетін жүкті Батысқа, одан әрі Еуропаға тікелей шығуын қамтамасыз етпек. Мұның барлығы Елбасының асқақ арманы – Қазақ елінің Мәңгілік Ел болуына қызмет етеді.

ТҮЙІН:

Ел арасында «Ел қамын жеген Едіге» деген қанатты сөз бар. Сол есіл ер мәңгілік байыз тапқан қасиетті мекенде Елбасы елдіктің сөзін айтты. «Менің арманым – Қазақстанның мәңгі болуы!.. Біздің ең жоғары бағалайтын байлығымыз – Тәуелсіздік! Ата-бабамыздың қанымен, терімен келген тәуелсіздікті біз ешкімге бере алмаймыз. Оны қасық қанымыз қалғанша қорғауымыз керек», деп кесіп айтты. Бұл бәтуалы сөз біз үшін болашаққа бағыт етер басты байлам болмақ.

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ

Халықаралық Түркі академиясының президенті, тарих ғылымдарының докторы.